

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1854 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 қаңтар N 42. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.01.11. N 31 қаулысымен. ~ P020031

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттырудың тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1854 P991854_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 528-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттырудың тәртібі туралы ережеде:

2-тармақтағы "Орталықтан төленетін ең аз зейнетақы төлемдерінің мөлшері ғана арттырылады" деген сөздер "Орталықтан төленетін 10000 теңгеден аспайтын зейнетақы төлемдерінің мөлшері арттырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері өткен жылғы ең аз зейнетақы мөлшерінен тұтыну бағаларының болжамдық орташа жылдық индексі ескеріле отырып есептелген сомаға арттырылады.";

6-тармақта "ең аз зейнетақы төлемінің мөлшерін" деген сөздер

"зейнетақы төлемдерінің мөлшерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

7-тармақ алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Арттырылған ең аз зейнетақы төлемінің мөлшерінен кем болатын зейнетақы төлемдерінің толық емес көлеміндегі мөлшері, Орталықтан төленетін арттырылған ең аз зейнетақы төлемінен нақты еңбек стажына барабар белгіленеді."

2. Осы қаулы 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК